



Тілегіміз – тату тірлік, мұратымыз – ауыз бірлік!



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№11 (971) Сәрсенбі 18 наурыз 2026 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



Ару көктем

*Ысырып дүлей дауыл, өктем желді,
Көк майса, гүлге орап бөктерлерді,
Шаттықтың шомылдырып шуағына,
Күлімдеп ауылыма көктем келді.
Сылдырап жылгалардан сулар ақты,
Балалар мәз болысып иулап жатты.
Ұлыстың ұлы Наурыз мерекесін
Ағайын-туыс тойлап, думандатты.
Сипалап самал желі сүйген беттен,
Мезгіл бұл қандай ғажап, сұлу неткен?
Жаңара бер, табиғат тамашасы,
Анасы бар мезгілдің – ару көктем!*

ҰЛТ МҰРАСЫ – ҰЛТТЫҚ КИМ

18 наурыз – жалпыұлттық «Наурызана» тұжырымдамасы аясында атап өтілетін Ұлттық киім күні биыл да өз мәні мен маңызын айшықтай түсті. Осы айтулы күнге орай Қызылорда қаласында «Ұлт мұрасы – ұлттық киім» атты ауқымды ұлттық киімдер шеруі ұйымдастырылып, көпшілікке рухани серпіліс сыйлаған тағалымды шараға айналды. Өнер арбатында өткен бұл мерекелік іс-шара ұлт мәдениетін ұлықтаудың, тарихи жадыны жаңғыртудың жарқын көрінісі болды.

Шеру қалалық білім бөлімі ғимараты алдынан бастау алып, ұлттық киім киген мәдениет саласының үздіктері мен руханият жанашырларының бастауымен Өнер арбатында жалғасты. Сап түзеген қатысушылар халық әндерін шырқап, көрерменге ерекше әсер сыйлады. Шеруді бастап келген танымал өнер иелері мен дәстүрлі орындаушылар ұлттық өнердің қадір-қасиетін айқындай түсті.

Сахна төріне жиналған көпшілік алдымен студент жастардың орындауындағы «Қаражорға» биіне куә болып, ұлттық хореографияның шынайы болмысын тамашалады. Сонымен қатар республикалық деңгейдегі жұлдегер өнерпаздың арнауы шараның мазмұнын тереңдеті түсті.

Салтанатты жиын жүргізушілердің жүрекжарды лебізімен ашылып, Ұлттық киім күнінің маңызы кенінен насихатталды. Шара барысында ұлттық киімнің тек сән үлгісі ғана емес, халықтың тарихы мен дүниетанымының, эстетикалық талғамы мен рухани байлығының көрінісі екендігі ерекше атап өтілді. Қазақы нақыштағы әрбір ою мен өрнекте ұлттың өткені мен бүгінгі, сап-дәстүрі мен болмыс-бітімі бейнеленген тілге тиік етті.

Мерекелік жиында қала әкімдігіне қарасты мекемелер, білім беру ұйымдары, жоғары және арнаулы оқу орындары, кәсіпорындар мен ауылдық округтерден жиналған жүздеген қатысушы ұлттық киім үлгілерін паш етті. Балабақша тәрбиеленушілерінен бастап, колледж студенттері мен түрлі сала



қызметкерлеріне дейін қатысқан шеру шынайы халықтық сипат алды. Бұл өз кезегінде ұлттық құндылықтарға деген құрметтің артып келе жатқанын көрсетті.

Іс-шараның көркемдік бөлігі де жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Әсем би, әуезді ән мен дәстүрлі өнердің үйлесімі көрерменге ерекше әсер қалдырды. Қазақтың халық әндері, заманауи туындылар мен этно-фольклорлық ансамбльдердің орындауындағы шығармалар ұлттық рухты асқақтатты. Әншілер мен өнерпаздардың орындауындағы «Текті қазақ», «Ой көк», «Қазағым ай», «Ауылым» сынды туындылар мерекенің мазмұнын байыта түсті.

Шараның қорытындысы ретінде орындалған «Наурыз» әні барша көрермен мен қатысушыларды бір арнаға тоғыстырып, көктем мерекесінің шынайы рухын сезіндірді.

Бұл – бірлік пен берекенің, жанару мен жаңғырудың символына айналған ерекше сәт болды.

Жалпы, «Ұлт мұрасы – ұлттық киім» шеруі ұлттық мәдениетті дәріптеудің, тарихи мұраны ұлықтаудың және жас ұрпаққа тағалым берудің маңызды алаңына айналды. Мұндай шаралар арқылы ұлттық болмысымыз жаңғырып, ұрпақ санасында рухани құндылықтарға деген құрмет қалыптасары сөзсіз.

Ұлттық киім – өткеннің сарқыншағы емес, бүгінгі күннің мақтаншы, келешекке жол тартқан асыл мұра. Сондықтан оны дәріптеу – әрбір азаматтың парызы. Наурыз мерекесі аясындағы бұл тағалымды шара соның айқын дәлелі болды.

«Ел тілегі» ақпарат

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының нормаларын іске асыру мәселесі талқыланған Үкімет отырысы өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты. Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысы жауапты сала басшыларына тапсырма беріп, алдағы міндеттерді айқындады.

«Биыл – еліміз үшін, өңіріміз үшін айрықша мәні бар, тарихи маңызды жыл. Халқымыз ұлт жылнамасындағы жаңа кезеңге қадам басты. Қоғамда жан-жақты талқыланған жаңа Конституцияның жобасына арналған республикалық референдумға Сыр жұртшылығы белсенді қатысты. Ауызбіршіліктің жоғары үлгісін көрсетіп, 92,89 пайыз көрсеткішпен республикада бірінші орынға шықты. Президентіміздің Әділетті, Қуатты әрі Таза Қазақстанды құру жолында Сыр халқы бірілігі бекем екенін тағы да айқын дәлелдеді.

Халық Конституциясы 1 шілдеден бастап ресми түрде өз күшіне енеді. Конституция күнін мемлекеттік мереке ретінде ұлттық деңгейде жыл сайын 15 наурызда атап өтетін боламыз.

Алдағы күндері Парламент қарауына Президент, Құрылтай, Халық Кеңесі, Астананың мәртебесі және еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы жаңа бес конституциялық заң енгізіледі. Тағы сегіз конституциялық заң мен 60-тан астам заңға, соның ішінде негізгі кодекстерге түзетулер енеді.

Бүгінгі Үкімет отырысында министрлер өз салалары бойынша Конституция нормаларын іске асыру бағыттарын баяндады. Облыстық басқарма басшылары, қала, аудан әкімдері, аумақтық департамент басшылары, салалық министрліктермен бірлесіп жұмыс жасап, тиісті нормативтік құжаттарды, жоспарларды алдырыңыздар.

Қоғамдық даму басқармасы, Президентіміз қол қойған Халық Конституциясы мен Ата заңымызды іске асыру жөніндегі шаралар туралы Жарлықты халық арасында ақпараттандыру, кенінен насихаттауда арнайы жұмыс жоспарын әзірленіздер. Жаңа Конституциямыздың әр нормасы, әр тармағы Тәуелсіздігімізді нығайта түсетінін, ұлтымыздың берік әрі мызғымас тұғырына айналдырыны кенінен насихаттауымыз қажет.

Облыс әкімінің орынбасарлары, өз салаларыңыз бойынша Конституцияның нормаларын іске асыруды бақылауға алып, жұмысты ұйымдастырыңыздар», – деді Н.Нәлібаев.

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ 1 ШІЛДЕДЕН БАСТАП КҮШІНЕ ЕНЕДІ

Бұл жөнінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияны қабылдауға арналған салтанатты жиында айтты. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

«Бүгін баршаңыз тарихимыздағы аса маңызды, маңызына айрықша, ел өмірінде ошпес із қалдыратын оқиғаның куәсі болдыңыздар. Мен Мемлекет басшысы ретінде бүкіл халық атынан Ата заңымызға қол қойдым. Сонымен қатар Конституцияны іске асыру жөніндегі шаралар туралы Жарлыққа қол қойдым. Енді Халық Конституциясы 1 шілдеден бастап ресми түрде өз күшіне енеді. Ал Конституция күнін мемлекеттік мереке ретінде ұлттық деңгейде жыл сайын 15 наурызда атап өтетін болдық. Еліміздің барша халқына Ата заңымыз құтты болсын дегім келеді», – деді Президент.

Мемлекет басшысы Конституция – мемлекетіміздің ұзақмерзімді мақсат-мұратын айқындайтын, ұлтымыздың келешек тағдырына тікелей әсер ететін тарихи құжат екенін айтты.

«Бұл – шын мәнінде Халық Конституциясы. Оның жобасы шамамен екі жыл бұрын пысықтала бастады. Кейін мұқият талқыланып, зерделеніп жазылды. Конституциямыз – табанды ұжымдық еңбектің нәтижесі. Біз бүгін бір ел болып ұлт жылнамасының жаңа межесіне өттік, түбегейлі өзгерістердің сапасы және мазмұны ерекше бірегей кезеңіне аяқ бастық. Кеше ғана елімізде жалпыхалықтық референдум ойдағыдай өтті. Оған жұртшылық жаппай белсене қатысты. Азаматтарымыз өз таңдауын жасады, халқымыз бір кісідей жанару мен жаңғыру жолын жақтап дауыс берді. Халқымыз Отанымыздың болашағы үшін өте жауапты сәтте жұмыла енебек етті, ортақ іске орасан зор үлес қосты. Ұлы Абайдың «Бірлік – ақылға бірлік» деген өсиет сөзі осындай кезде айтылған болса керек», – деді ол.



АЙТ НАМАЗЫНЫҢ КЕСТЕСІ ЖАРИЯЛАНДЫ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Ораза айттың бірінші күніне, яғни 20 наурызда арналған айт намазының нақты уақытын жариялады. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі хабарлайды.

Қасиетті Құрбан айт биыл 27-29 мамыр аралығында аталып өтеді. Жарияланған мәліметке сәйкес, айт намазы әр аймақта күннің шығу уақытына байланысты әртүрлі уақытта оқылады. Мәселен, Алматы мен Абай облысы тұрғындары үшін айт намазы таңғы 07:00-де басталса, Астана, Шымкент және бірқатар өңірлерде 07:15-ке белгіленген.

Ал батыс өңірлерде намаз уақыты сал кешірек: Атырау облысы, Батыс Қазақстан облысы, Маңғыстау облысы және Ақтөбе облысы тұрғындары айт намазын 08:30-да оқиды. Сондай-ақ кей өңірлерде аралық уақыттар белгіленген. Мысалы, Қостанай облысы, Қызылорда облысы және Ұлытау облысы үшін уақыт 07:30 деп көрсетілген.

Діни басқарма өкілдері айт намазына алдын ала дайындалып, мешіттерге ертерек келуді ұсынады. Сонымен қатар қоғамдық тәртіп пен тазалықты сақтау, бір-біріне құрмет көрсету мерекенің маңызды бөлігі екені ескертілді.



АЙТЫСТЫҢ АҚТАҢГЕРІ «ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Ақордада өткен Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдауға арналған салтанатты жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтыскер ақын, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Мәуленұлы Ниязовты «Құрмет» орденімен марапаттады.

Айтыскер ақынның басылығыммен Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театры жоғары жетістіктерге жетіп, көрерменнің талғамына сай өнер ордасына айналды. Сондай-ақ, халықаралық, республикалық театр фестивалдерінің бас жүлдесін иеленді.

Айтыстағы қайырымдары, ұтқыр жауаптары тындарман көңіліне орныққан. Республикалық өнер жарыстарының жеңімпазы, айтыс аламаньның ақтаңгері атанып, Сыр өңірінің мәртебесін асқататын келеді.

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР АМАЛ КҮНІН ТОЙЛАДЫ

Көктемнің шуақты лебі сезіліп, табиғат жанарған шақта халқымыздың ең қастерлі мерекелерінің бірі – Ұлыстың ұлы күні қарсаңындағы Көрісу күні ерекше мәнге ие.

Дәстүр мен тағылым тоғысқан бұл мерекеде халқымыздың бір-бірімен қауышып, амандық сұрасуы, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуі – ұрпақ сабақтастығының айқын көрінісі. Осы игі мереке аясында 14 наурыз күні ұлттық салт-дәстүрімізді ұлықтаған «Амал келді, жыл келді» атты тағылымды шара өтті. Арнайы безендірілген алаңда киіз үйлер тігіліп, ұлттық нақыштағы көріністер қойылды. Киіз үй жанындағы шетенде жана туған қозы-лақтар көрініс тауып, табиғат пен тіршіліктің жанаруын айшықтады.

Шараның шымылдығы көпшілік тамашалаған ұлттық нақыштағы көрмеден кейін үш бүлдіршіннің тұсау кесу рәсімімен ашылды. «Жақсылардан жұғым болсын» деген ізгі ниетпен Бағдатұлы Дінмұхаммед, Айдосұлы Ердулет және Әлішерқызы Айлинің тұсауы кесіліп, ел ағалары ақ батасын берді. Бұл – болашаққа қадам басқан жас ұрпаққа ақ жол тілеген халқымыздың көне дәстүрінің нышаны. Салтанатты сәттен кейін



мерекелік бағдарлама ұлттық би мен театрландырылған қойылымға ұласып, жас әртістер көрісу күнінің мәні мен маңызын көркем бейнеледі. Балалар мен үлкендердің көрісу дәстүрі, табиғаттың жанаруы, Нәурізек құсының келуі арқылы бірлік пен берекенің символдық көрінісі сахналанды.

Мерекелік жиында сөз алған қала әкімінің орынбасары Ділмұхамед Абизов жиналған көпшілікті көрісу

күнімен құттықтап, ел бірлігі мен берекесінің арта беруіне тілектестік білдірді.

Шара соңы концерттік бағдарламаға ұласып, өнерпаздар ән мен биден шашу шашты.

Ұлыстың ұлы күні қарсаңындағы осындай тағылымды шаралар ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, жас ұрпақтың бойына салт-дәстүрге деген құрметті қалыптастыра түсетіні анық.

КӨРКЕЙТУ-КӨГАЛДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Жалағаш ауданының әкімі Ардак Ибраимовтың төрағалығымен мәжіліс өтті. Жиында кент және ауылдық округтерде жүргізіліп жатқан көктемгі санитарлық-тазалық, көркейтуді-көгалдандыру жұмыстарының барысы қаралды.

Мәжілісте аудан әкімі жауапты сала басшылары мен кент және ауылдық

округ әкімдеріне тазалық шараларын тұрақты түрде ұйымдастырып, көшелер мен қоғамдық орындардың тазалығын қамтамасыз ету, аяқсу арналарының аршу жұмыстарын сапалы жүргізу қажеттігін айтты. Сонымен қатар, мекеме ғимараттарының сыртқы келбетін ретке келтіру, ағаш отырғызу және көгалдандыру жұмыстарын

күшейту жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Жиын қорытындысымен күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша жауапты сала басшыларына нақты міндеттер жүктелді.

«Ел тілегі» ақпарат



ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ НАУҚАНЫНА ДАЙЫНДЫҚ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналиновтың төрағалығымен көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыру науқанына дайындық барысы талқыланған кеңейтілген отырыс өтті.

Жиынға көктемгі шақыру науқанын ұйымдастыруды пысықтау, комиссия мүшелерімен кездесу, облыстық және қалалық шақыру пункттерінің материалдық-техникалық жарактандырылуы мен қамтамасыз етілуін бақылау мақсатында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы бастығының орынбасары, генерал-майор Сәкен Жұсупов арнайы қатысты. Комиссия мүшелерімен кездесіп, шақыру науқанын сапалы әрі талапқа сай ұйымдастыру туралы бірқатар нақты міндет жүктелді.

Отырыста Қызылорда облысы бойынша қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы Жасұлан Шаңқұлов өткен жылғы мерзімді әскери қызметке шақыру қорытындылары туралы

баяндама жасап, кемшіліктерді болдырмау үшін қабылданған шараларға тоқталды. Туындаған мәселелер жөнінде облыстық жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының басшысы Марат Құрманбаев айттып, бірқатар ұсынысын жеткізді.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары, медициналық комиссия төрағасы Жаңыл Абубакирова медициналық комиссиялардың дәрігер-мамандармен қамтамасыз етілуі, көктемгі науқанға дайындық тығыздығы екенін айтты. Жиын қорытындысында жауапты мемлекеттік органдарға көктемгі әскерге шақыру науқанын сапалы әрі белгіленген мерзімде өткізу бойынша нақты тапсырмалар берілді.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ ӨТТІ

Қазалы ауданында Наурызнаманың онкүндігі аясында Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күніне орай «Әуезовтер» халықтық отбасылық ансамблінің «Өнерімен өркендеген әулет» атты шығармашылық кеші өтті.

Роza Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында өткен кешке аудан әкімі Алмасбек Есмаханов қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

– Өнер – ұлттың рухани байлығы. Ал сол өнерді бір отбасының бірнеше буыны жалғастырып, халыққа қызмет етсе – бұл үлкен мақтанш. Әуезовтер отбасылық ансамблі – дәл осындай өнегелі әулеттердің бірі. Ансамбльдің негізі 1977 жылы қаланып, содан бері ұлттық өнерімізді дәріптеп келе жатқан бірегей шығармашылық ұжымға айналды. Ансамбльдің қалыптасуы мен дамуына үлкен еңбек сіңірген өнер иелері – Махамбет Әуезов пен Раманқұл Әуезов. Олар тек орындаушы ғана емес, қазақтың күйі мен әнін, қобыз бен домбыра өнерін насихаттап, шәкірт тәрбиелеген ұстаздар. Осы бір айтулы күні өңіріміздің мәдениеті мен өнерін өркендетудегі қызметтерінің үшін шығармашылық ұжымға шынайы алғысымды білдіремін. Ел мәдениетінің одан әрі гүлденуіне, өнеріміздің асқақтауына қызмет етіп, халқымызды шығармашылық табыстарымызбен қуанта берулеріңізге тілектеспін, -



ӨНЕРІМЕН ӨРКЕНДЕГЕН ӘУЛЕТ

16 наурыз - мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні

Әуезовтер халықтық отбасылық ансамблі

деді аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы.

Мұнан соң аудан басшысы «Әуезовтер» халықтық отбасылық ансамблінің жетекшісі Арман Әуезге құттықтауын табыстады.

Кеш барысында ансамбльдің жетекшісі ҚР мәдениет саласының үздігі төс белгісінің иегері, Бүкілодақтық, халықаралық, республикалық конкурстарының Лауреаты, музыкант, қобызшы Арман Әуезге сөз берілді.

Ансамбль жетекшісі бүгінгі күні «Әуезовтер» ансамблінің қалыптасу жолы мен даму тарихына тоқталып, ұлттық өнердің ұлы мұрагері болу үлкен жауапкершілік екенін жеткізді.

Шығармашылық кеш концерттік бағдарлама ұласып «Әуезовтер» халықтық отбасылық ансамблі М.Әубәкіровтің «Наркескен», Құрманғазының «Қызыл кайың», Әлшекейдің «Терісқақпай», С.Әліштің «Батыс

әуендері», Е.Кішкенеетің вальсі «Нұрғұл» және Моцарттың «Рондо» және басқада шығармалар орындап көрермен қауымға көтеріңкі көңіл-күй мен рухани демалыс сыйлады.

Айта кетейік, шығармашылық кеш басталмас бұрын, кешке жылғандар Әуезовтер әулетінің жетістіктері, көне аспаптары мен ұлттық құндылықтар көрсетілген «Наурыз - береке бастауы» атты көрмені тамашалады.

ЖАС СПОРТШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Заң үстемдігі – кез келген мемлекеттің тұрақты дамуы мен азаматтардың еркін және қауіпсіз өмір сүруінің басты кепілі. Ал әрбір Қазақстан азаматы заң мен тәртіпті сақтау арқылы қоғамдағы әділдік пен жауапкершілік қағидаттарын сақтай алады. Осы мақсатта облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының ұйымдастыруымен облыстық Жастар ресурстық орталығында «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында жас спортшылардың қатысуымен арнайы кездесу ұйымдастырылды.

Аталған жиынға грек-рим күресінен Әлем чемпионы Айдос Сұлтанғали, облыстық көлік прокуратурасының прокуроры Мұхамеджан Матжан және аға прокурор Абзал Жамет қатысты.

Кездесу барысында спикерлер жас спортшыларға заң талаптарын қатаң сақтауды, қоғамдық тәртіпті бұзбауды, спорттағы әділдік пен тұрақтылықты қалыптастыруға үлес қосу керектігін атап өтіп, зиянды әдеттерге құмар болмауға шақырды. Сонымен қатар, спортшылар тек жарыс алаңында ғана емес, күнделікті өмірде де қоғам айнасы болуы керектігі айтылды.

Өз кезегінде жас спортшылар спикерлерге өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын қойып, пайдалы кеңестер алды. Жалпы мұндай тағылымды кездесулер жас спортшылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, олардың ел болашағына жауапкершілікпен қарауына ерекше ықпал етеді. Алдағы уақытта да қоғам алдындағы жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған мазмұнды кездесулер жалғасын табатын болады.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ҚАУІПСІЗ ОРТА – БАҒДАРЛЫ БОЛАШАҚ

«Заң және тәртіп» қағидатын насихаттау мақсатында Б.Алтынсарин атындағы №10 мектеп-лицейінде кездесу ұйымдастырылды. Іс-шараға полиция басқармасының ювеналды полиция бөлімшесінің инспекторлары мен жастар орталығының мамандары қатысып, оқушылармен ашық пікір алмасты.

Кездесу барысында арнайы QR-код арқылы анонимді сауалнама жүргізіліп, оның көмегімен буллинг, әлімжеттік, бопсалау, киберқауіпсіздік және жеке қауіпсіздікке қауіпті өзекті мәселелер зерттелді. Бұл әдіс оқушыларға өз ойларын еркін әрі жасырын түрде жеткізуге мүмкіндік берді.

Шараның басты мақсаты – жасөспірімдер арасында құқықтық мәдениетті нығайту, жауапкершілік сезімін қалыптастыру және білім ордасында қауіпсіз әрі қолайлы орта құру. Әрбір бала үшін қауіпсіз орта – басты құндылық және сенімді болушының негізі!



РЕЙД ЖҰМЫСТАРЫ ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ КӨЗДЕЙДІ

Жастар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев түнгі рейд жұмыстарына қатты көңіл бөліп, шараларды күшейтуді тапсырған болатын.

Соған сәйкес бекітілген кезектілікпен Әйтеке би кентінің әкімі Әліби Әбиев бастаған топ жасөспірімдерді тәртіпке шақырды.

Рейдтік құрам 22:00-ден бастап аудан орталығы - Ертік би кентіндегі ойын

аңдарын, саябақ, ойын-сауық орталықтары мен компьютер клубтарын, тойханалар мен мейрамханаларды аралап, қоғамдық тәртіпті бақылады. Сондай-ақ, кемелет жасқа толмаған өскіндердің беймезгіл уақыттан кейін жүруіне болмайтындығын ескертті. Алдағы күндері дәл осындай күшейтілген түрде рейд жұмыстары жалғаса беретін болады. Мұндай рейд жұмыстары аудан орталығы мен ауылдық округтерде де жалғасуда.

ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР

Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімімен жер қатынастары саласындағы 10 мемлекеттік қызмет түрі бойынша 2025 жылы барлығы 3220 қызмет көрсетілді. Оның ішінде «Электронды үкіметтің» веб-порталы арқылы 2574, қызмет көрсетушінің кеңсесі арқылы 646 қызмет көрсетіліп, электрондық қызмет көрсету үлесі 80% құрады.

Қазіргі таңда жер қатынастары саласын цифрландыру, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Р.В.Склярдың бекітуімен қабылданған 2025-2029 жылдарға арналған «Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры» ақпараттық жүйесін (БМЖМК АЖ) дамыту жөніндегі Жол картасы аясында 2026 жылы «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру», «Жер учаскесінің жалға алу мерзімін ұзарту», «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату» мемлекеттік қызметтері БМЖМК автоматтандырылған жұмыс орында іске қосылды.

Яғни, жер қатынастары саласын

цифрландыру аясында мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру қарқынды жүргізілуде, бұл қызмет көрсету мерзімін қысқартуға, ашықтық пен айқындықты қамтамасыз етуге бағытталған.

Көрсетілетін қызмет түрлерінің арасында «Жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларын бекіту», «Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту» қызметтерінің үлесі жоғары.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы №301 бұйрығымен бекітілген «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі Қағидаларында» қызметті берушінің атауы, ұсынылатын құжаттар тізбелері, қызмет көрсету нысандары мен мерзімдері толық көрсетілген.

«Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес, аталған қызмет облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерімен 10 (он) жұмыс күні ішінде тегін көрсетіледі.

Объект құрылысы, қызмет көрсету, орналастыру үшін берілген жер учаскелері бойынша жер учаскесі кадастрлық құжаттамамен сәйкестендіріліп, сәулет-жоспарлау тапсырмалары талаптарының сақталуы тексеріледі және тиісті қорытынды дайындалады.

Қызметті алушы шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жер учаскесін уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қоюы тиіс.

Жеке және заңды тұлғалар әр саладағы мемлекеттік қызметтерді электрондық форматта алу үшін оның жолын білуі тиіс. Бөлімнің ақпараттық стендтерінде және әлеуметтік желілерде мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен ережелері орналастырылған.

Мемлекеттік органдардың қызметіне халықтың сенімділігін арттыру үшін басты міндет - тұтынушыға бағдарланған, сапалы мемлекеттік қызмет көрсету болып табылады.

К.М. БУДИКОВА,
Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің бас маманы

Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Қауіпті өндірістік объектілер үшін, оның ішінде құрылыс алаңдарындағы құрылыс крандарының өнеркәсіптік қауіпсіздігін қамтамасыз ету "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №359 бұйрығымен бекітілген «Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету» қағидаларына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.



Өнеркәсіптік қауіпсіздік - физикалық және заңды тұлғалардың қоршаған ортаның қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінен қорғалу жай-күйі болып табылады. Өнеркәсіптік қауіпсіздіктің негізгі мақсаты – қауіпті объектілердегі оқиғалар мен авариялардың алдын алу және болдырмау бойынша іс-шараларды жүргізу болып табылады. Осы мақсатқа қол жеткізуге белгіленген талаптарға сәйкес келетін білікті мамандардың болуы да ықпал етеді. Қауіпті өндірістік объектіні сараптаудан өткізу және қауіпті өндірістік объектінің қауіпсіздігін декларациялау өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолдарының бірі болып табылады. Өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасы объектінің белгіленген нормалар мен талаптарға сәйкестігін тексеру және растау үшін жүргізіледі.

Өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі – басқарушылық шешімдердің, нормалар мен рәсімдердің құрылымданған жиынтығы, солар арқылы тәуекелдерді болдырмау және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау қызметі жүзеге асырылып, дамиды. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі қауіпсіздіктің техникалық және ұйымдық қамтамасыз етілуін қамтиды және функционалдық деңгейде нақты жағдайларда жұмыстарды қауіпсіз жүргізу талаптары сақталғанда құрал-жабдықтың қауіпсіз пайдаланылуын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуына тұрақты өндірістік бақылау жүргізу қауіпті өндірістік объектілері бар әрбір ұйымның негізгі бағыты. Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз ету, сондай-ақ жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуіне әсер ететін жағдайларды және бұзушылық себептерін айқындау өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өндірістік бақылау міндеттері болып табылады.

Өткен 2022 жылы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы құрылыс алаңдарында құрылыс крандарының құлауына байланысты оқиғалар жиі орын алғандығы белгілі. Осы орын алып отырған авариялар құрылыс алаңдарында крандармен жұмыс істеу барысында, яғни құрылыс барысына қажет ететін материалдарды тиеп-түсіру кезінде крандардың құлауы салдарынан орын алған. Бұл дегеніміз жұмыс істеу барысында өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтамау, қауіпті техникалық құрылғылардың моральдық және физикалық тозуы, жүк көтергіш механизмдермен жұмыс істейтін персоналдардың білімдерінің жетілдірілуімен және басшылық тарапынан бақылаудың болмауы, жұмыстардың дұрыс ұйымдастырылмауынан туындайтын мәселелер болып табылады.

Осындай орын алып отырған авариялардың алдын алу және болдырмау мақсатында, «Елдің құрылыс объектілерінде өндірістік жаракаттанудың алдын алу және жүк көтергіш механизмдерінің (мұнара крандары) операторларымен байланысты өлім жағдайларын

азайту жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған жол картасы» бекітілді. Осы аталған Жол картасында көрсетілген мерзімдерде ҚР ТЖМ Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментімен тиісті іс-шаралар жүргізілуде.

Сонымен қатар алдағы уақытта қауіпті техникалық құрылғылардың, яғни жүк көтергіш механизмдердің иелері және жүк көтергіш механизмдерді пайдалану пайдаланушы ұйымдардың басшылары құрылыс алаңдарында және басқа да өндіріс алаңдарында өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау бойынша ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңы, «Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары» және т.б. қолданыстағы заңдылықтарды басшылыққа ала отырып, мынадай іс-шараларды тұрақты түрде жүзеге асырып отыру қажет:

- құрылыс алаңдарындағы жүк көтергіш механизмдердің техникалық жағдайына бақылауды күшейту;
- құрылыс объектілеріндегі жүк көтергіш механизмдерге тұрақты түрде мониторинг жүргізу;
- құрылыс алаңдарындағы жүк көтергіш механизмдердің нормативтік қызмет ету мерзімінің өтуіне байланысты экспертиза жүргізуді қатаң бақылауға алу;
- жүк көтергіш механизмдермен жұмыс істейтін персоналдардың практикалық және теориялық білімдерін үнемі жетілдіріп отыру;
- ұйымдағы қауіпті өндірістік нысандардағы технологиялық тоқтап қалу, апаттық жағдайдың алдын алу, хабарлау, жұмысын үйлестіру сонымен қатар болған апатты жағдайлардың залалын жою;
- ұйым еңбеккерлерінің өнеркәсіптік қауіпсіздік жүйесі бойынша дайындығын ұйымдастыру, тексеру, аттестаттаудан өткізуді ұйымдастыру;
- өнеркәсіптік қауіпсіздік жағдайын жақсартуға және үшінші тұлғаларға, қоршаған ортаға келтіретін зияндарды болдырмауға бағытталған шараларды әзірлеу;
- ұйымның өндірістік қауіпті нысандарында авариялар, қаттығыстар, энергетикалық іркілістерді алдын ала ескерту және оларды оқшаулау мен жоюға бағытталған жұмыстардың координациясы;
- ұйымның өндірістік қауіпті нысандарында қолданылатын тәжірибелер өткізуге, техникалық қондырғылар, энергетикалық жабдықтар, жөндеу және өлшеу бақылау құралдарына уақытылы бақылау;
- технологиялық тәртіпті сақтауды үнемі бақылауда ұстау және т.б.

Осы аталған талаптарды өндірістік қауіпсіздік объектілері бар кез - келген ұйым уақытылы орындап, бақылауда ұстап отырса кез-келген уақытта оқиғалар мен авариялардың алдын алуға, сонымен қатар ең біріншіден адам өмірін сақтап қалуға зор ықпалын тигізген болар еді.

Д.СҮЛТАН,
Қызылорда облысының ТЖД ОҚБ бас маманы

МӘМС АЯСЫНДАҒЫ АЗ ИНВАЗИВТІ ХИРУРГИЯ

Арал аудандық көп бейінді орталық ауруханасында аз инвазивті оталар кенінен қолданылуда. Лапароскопиялық емдеу әдістері жоғары тиімділігін дәлелдеп, асқыну қауіпін азайтуға және пациенттердің қалпына келу мерзімін едәуір қысқартуға мүмкіндік береді. Оталар тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі мен МӘМС жүйесі аясында жүргізіледі.

Жаңа құрылыс ауылдық округінің тұрғыны Бекболат Орынбасаров жедел жәрдем бригадасымен аудандық ауруханаға қатты ауырсыну шағымымен жеткізілді. Тексеру барысында дәрігерлер өт қабында тас бар екенін анықтады. Пациентке өт қабын алып тастауға арналған лапароскопиялық холецистэктомия сәтті жасалды.

«Ауруханаға қатты ауырсыну ұстамасымен түстім. Шұғыл ота жасалды, тез арада калпыма келдім. Көмек көрсеткен дәрігерлер мен медицина қызметкерлеріне алғысым шексіз. МӘМС жүйесінде сақтандырылғанмын, әрі қарай ем алып жатырмын», – дейді Бекболат Орынбасаров.

Хирургтердің айтуынша, бұрын тек облыс орталықтарында жасалатын көптеген оталар бүгінде аудандық аурухана деңгейінде де қолжетімді.

«Мысалы, біз холангиостомия жасаймыз – бұл бауырдың өт жолдарына өттің ағуын қамтамасыз ету үшін дренажды

түтік орнату ота. Сондай-ақ адреналэктомия, яғни ісіктер кезінде бір немесе екі бүйрек үсті безін алып тастау отаны жүргіземіз. Бұдан бөлек, шап жарығында лапароскопиялық герниопластика жасалады. Сонымен қатар күрделі көп сынықты сүйек сынуларында остеосинтез – сүйектерді бекітуге арналған хирургиялық әдіс қолданылады. Осы және басқа да оталардың түрлері біздің ауруханада сәтті жүргізілуде», – делі Арал аудандық көп бейінді орталық ауруханасының бас дәрігері Бауыржан Қуанышбаев.

Арал көпсалалы орталық аудандық ауруханасында шамамен 300-ге жуық науқас ем қабылдауда. 2026 жылы аудандық ауруханаға медициналық көмек көрсету үшін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан 8,4 млрд теңге бөлінді.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының

Қызылорда облысы бойынша филиалының ақпараты бойынша



Хабарландыру

«Бейнеу аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БИН 060140014846) бөлу жолымен қайта ұйымдастырылуына байланысты, талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады.

Манғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы, Досан Тажиев көшесі 10/1 мекен-жайында орналасқан, Бейнеу аудандық әкімдігі ғимараты, 2-қабағ 208 кабинет.Тел: 8(72932)2-20-41

В связи с реорганизацией путем выделения государственного учреждения «Бейнеуский районный отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» (БИН 060140014846), иски принимаются в 2-месячный срок со дня опубликования настоящего объявления по адресу.

Мангыстауская область, Бейнеуский район, село Бейнеу, улица Досан Тажиев 10/1, зд. Бейнеуского районного акимата. Тел: 8(72932)2-20-41



ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРДЫ ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ АНЫҚТАУДЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН МҮМКІНШІЛІКТЕРІ

Эпидемиологтың күнделікті жұмысында лабораториялық зерттеу әдістерін пайдаланбай, эпидемиологиялық диагноз қою мүмкін емес. Эпидемиологиялық диагноз қоюда, індетке қарсы қолданылатын шаралардың тиімділігін бақылау. Соның ішінде індеттен иммунитетті әлсізден алдын-ала сақтануда (иммунды профилактика) лабораториялық зерттеулердің нәтижелерін дұрыс бағамдап тәжірибеде пайдалану білуі.

Эпидемиолог-маман үшін қоздырғыш туралы лабораториялық зерттеу нәтижелерінің бәрі (қоздырғыштың өзі, биологиялық қасиеті, антигендері, уы, қарсы денемен қарсы уы, фагтары және т.б.) оның назарынан тыс қалмауы керек. Сонымен қатар эпидемиологиялық жағдайды сандық және сапалық тұрғыдан дәл бағалау үшін лаборатория қызметкерлеріне дұрыс тапсырма беруінің және зерттеу нәтижелерін эпидемиологиялық мүддеге бағыттап, пайдалану білудің де маңызы зор.

Лабораториялық әдістер пайда болмай тұрғанда оларды тек қана клиникалық белгілеріне қарап анықтайтын. Бұндай жол кейбір ауруларға болмаса, көпшілік жағдайда дәл диагноз қою оңай болмайды. Жұқпалы ауруларға лабораториялық диагноз қою (төмендегі кестеде көрсетілген) тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асады.

Қазіргі уақыттағы лабораториялық диагностика қою тәсілдерінің тізімі.

Р/С	Лабораториялық тәсілдердің түрі
1	Бактериологиялық
2	Вирусологиялық
3	Иммунологиялық (серологиялық)
4	Микологиялық
5	Паразитологиялық
6	Фагологиялық
7	Молекулярлық-генетикалық
8	Ферменттік
9	Микроскопиялық
10	Лабораториялық хайуанаттарға биосынамалық

Бұл тізімдегі әр тәсілдің өз құрамында көптеген лабораториялық әдістер, технологиялық принциптер бар, олардың әрқайсысының өз ерекшеліктері мен пайдалану орны болады. Бұлардың ішіндегі тәсілдердің ең көбі және жедел дамып келе жатқаны иммунологиялық топта деп есептеледі және бұл салада жана әдістер де іске қосылып жатыр. Осы тізімге қарап, диагноз қою процесінің күрделі екенін аңғаруға болады және диагноз қою мүмкіндіктерінің көп екені, оларды іске асыру үшін әр әдістің технологиялық ерекшеліктерін терең игеру қажет екені де ақиқат. Әрине, мұндай талап ең алдымен лаборатория қызметкерлеріне қойылады, ал эпидемиолог әсіресе алынған нәтижені дұрыс түсініп, пайдалану білудің маңызы зор. Проблеманы толық шешу дегеніміз диагностикалық жағынан, принциптерін, әрбір топтағы әдістердің мүмкіндіктерімен қолдану шеңберін терең білу және әр түрлі әдіспен алынған нәтижелерді талқылау жолдарын игеру деген сөз.

А. РАХМЕТОВА,
АНТВ орталығы Қазалы филиалы ИФА зертханасы Дәрігер лаборант

Наурыз - Жылы басы



Наурыз – көктемгі күн мен түннің теңелетін күні. Бұл күн – аспан денелері өздерінің ең бастапқы нүктелеріне келіп, күн мен түн теңелетін, жан-жануарлар төлдеп, адамдардың аузы аққа тиетін, жер үстіне шаттық орнаған күн. Қазақ елі осы күнді «Ұлыстың ұлы күні – ұлыс күні» деп атаған. Наурыз сөзі иран тілінің ноу – «жаңа», руз – «күн» деген сөздерінен қалыптасып, жылдың бірінші күнін білдірген. Ал қазақ тілінде «наурыз» сөзі біріншіден, жыл басында тойланатын думанды халықтық мейрам, екіншіден, наурыз айы, үшіншіден, ұлыс күні жасалатын көжеге қатысты айтылады. Наурыз мерекесін ежелгі гректер («патрих»), бірмалықтар («су мейрамы»), төжіктер («гүл гардон»), «байшешек», «гүлнаурыз», хорезмдіктер («наусарджик»), татарлар («нардуган»), буряттар («саган сара»), соғдалықтар («наурыз»), армяндар («наварсари»), чуваштар («норис ояхе») деп түрліше атаған. Шығыс халықтарының Наурызды қалай тойлайтындығы жайындағы көне деректер бізге Әбу Райхан Бируни, Ибн Балхи, Омар Хайям еңбектері арқылы жетіп отыр. Мәселен, иран тілде халықтар Наурызды бірнеше күн тойлаған. Олар бұл күндері әр жерге үлкен от жағып, отқа май құяды, жаңа өнген жеті дөңге қарап келешек егін жайлы болжайды. Көнетоз кимдерін тастап, үйдің ескі шыны-аяқты сындырады, бір-біріне гүл ұсынып, үйлерінің қабырғасына дөңгелек ою – «күн символы» салады, үйдің тіреу ағашына гүл іледі.

Көктем мезгілінің шуақты мерекесі – Наурыз 1988 жылы қайта жаңғырды. Қазақстан Президентінің Жарлығымен елімізде Наурыз мейрамы 2010 жылдан бері тойланып келді. БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарымен 2010 жылы Наурыз халықаралық мейрам мәртебесіне ие болды.

Қазақтар Ұлыс күні «жыл басы» санайды. Тілімізде Наурызға қатысты «жер бетіне жақсылық ұялаған күн», «ұлыстың ұлы күні – ұлыс күні», «сұзақ ұшып келген күн», «жыл басы» – жылқышы торғай (наурызкөк) келген күн, «көк құтан көзін (өсімдік) ашқан күн», «жылдың жерге түскен күні», «Жер-Ананың тоң кеудесі жібіп, тас емшегі иіген күн», «Самарқанның көк тасы еріген күн» тәрізді бейнелі сөз оралымдары сақталған.

Наурыз мейрамы турасындағы тағы бір дерек. 22 наурызға дейін Көрісу салтын атап өтеледі. Қыстан аман - есен шыққан халық, туыс-туған, жасы үлкен

қариялармен көрісіп, көрші – көленді қонаққа шақырып атап өтеді. Бұл күні барлығы араздықтарын ұмытып, өкпе-реніштерін кешіріп бір-бірімен қауышады. Бұл – «Амал» деп аталады. Халық алдағы жылға амал етеді. Осылайша жаңа жыл алдында халық толықтай аман-саулық сұрасып, көрісуді өткізеді. Көрісу – 14 наурыз күнінен басталып, жыл соңына дейін жалғаса береді. Белгілі бір себептермен көрісе алмаған туыс-туғандар мүмкіндіктеріне қарай жолы түскен уақытында көрісуге келеді. Қазіргі уақытта бұл салты Маңғыстау, Атырау өңірінің халқы сақтап қалған.

Халқымыздың мифологиялық түсінігі бойынша, 21 наурыз түні даланы Қыдыр аралайды екен. Сол себепті, осы күн «Қыдыр түні» деп аталады. Қыдыр – адамдарға дәулет дарытып, бақ қондыратын, ақсақал кейінде көзге көрінетін қиял-ғажайып кейіпкер. Жақсылықтың жаршысы, жаңа түскен Күн нұрының символы – Қыдыр ата даланы кезіп жүріп, назары жерге түссе, оның тоң кеудесін жібітеді, ал тасқа түссе, тасты ерітіп жібереді екен.

Ұлыс күні – татулық тойы, шаруа, ынтымақ, сенім, көңіл мерекесі. Қыс қылышынан аман қалған жұрт бар реніш-өкпесін ұмытып, кінәсін кешіп, тек жақсы тілектер тілейді. Көңілдің жаңаруы деген осы. Таң атқаннан бастап тағыстарының үйіне кіріп, құтты болсын айтады, ауаларын кір-қоқыстан тазартып, ағаш отырғызалы, гүл егеді. Әр жерде ұлттық ойындардан жарыс ұйымдастырылып, ән шырқалады, би биленеді, қыз-жігіттер алтыбақан тебеді.

Наурыз күні наурыз көже пісіріледі. Әр үйдің дастарқанына ақтан (сүт тағамдары), көк ырыстан (дән тағамдары мен жеміс-жидектер) және қызылдан (егген жасалатын тағамдар) жеті түрлі дәм қойылады. "Наурыз көжені тойып ішу керек, сонда жыл бойы тоқшылық болады!" деген сенім бар. Дастарқан басында жастар үлкендердің батасын алған. Бата – үлкендердің өзінен жасы кішілерге беретін ықыласы тілегі. Ақсақалдар: "Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын, қайда барсаң жол болсын!" деп бата береді.

Тәуелсіздігіміздің арқасында қайта жаңғырған, дәстүрімізді дәріптеп, асыл мұраларымыздың бедерін айыптықтауда орны ерекше бұл мереке қазақ халқы үшін «жақсылықтың бастауы» бола бергей.



Қытымыр қыстан кейін атам қазақ айтатын «Самарқанның көк тасы еріген күн» де келіп жетті. Ел арасында бұл ұғым туралы аңыз да, болжам да көп. Ақсақ Темірдің немересі Ұлықбектің аспан әлемін зерттеген астроном болғаны тарихтан белгілі. 13 наурызда Ұлықбектің обсерваториясында аспанға бағытталған телескопының бетіне Күн нұры бұрылысыз дәл түсетін болған екен. «Самарқан көк тасының еруі» де осыған қатысты болуы мүмкін. Ал ертең 14 наурызда халық ежелден жалғасқан көрісу дәстүрін жаңғыртып, көктемді қарсы алады. Осы күннің мәні мен қасиеті, тарихы мен тағылымы туралы кеңірек сөз қозғап көрейік.

«АМАЛ ДЕГЕН АЙЫҢЫЗ...»

Қыстан аман шықтыңыз ба, ағайын?!
Самарқанның көк тасы

ісі мұрынды жарып, құлағына көршілер мен ауыл адамдарының, ағайын-туыстың «Бір жасың құтты болсын!» деп басталатын жақсы ниеті жететін сол Көрісу таны ерекше атағын. Иіс шығарылып, асқа бата жасалып, аруаққа бағышталып Құран оқылады. Таң бозара салысымен алды мен үш үйдің есігін ашып, көрісіп шығу керек деген қағида бар. Солан бастап қас қарайғанша дастархан жиналмайды, ошақ сөнбейді, самаурын судан құрғамайды. Амал мерекесіне ғана тән «Бір жасың құтты болсын!» тілегінің астарын жете түсінбесек те, үлкендерден осы сөзді естігенде, расымен бір жасқа есейіп кеткенді күй кешетініміз.

Арадағы араздық ұмытылып, құт пен береке тілеп, қыстан аман шыққанымен құттықтау – ешбір ұлтта жоқ, жөні бөлек үрдіс. Наурыздың 13-інен 14-іне қараған түнде Ай мен Амал жұлдызы бір сызықтың бойына теңеседі екен. Бұл – ғылыми дәлелденген теория. Кейінгі жылдары Амал мерекесінің аясы кенейіп, еліміздің барлық өңірінде Наурыз мейрамының бастамасы ретінде тойланып келеді. Көрісу күні құтты болып, әр қазақтың үйіне амандық пен молшылық орнасын!

13-інен кейінгі 14 наурыз – Көрісу күні. Бұл күні ағайын-жұрт қыстан аман-есен шыққанына қуанып, үстіне бар жақсысын іліп, бауырсақ пісіріп, ақ дастарқанға тәттіні молынан төгеді. Жасы кіші отбасы мүшелері жасы үлкендермен қос қолдап амандасып, төс қағыстырып, көрісіп шығады. Осындай шат-шадыманға, ақ батаға толы бұл күні мәре-сәре болған жұрт осы қарқынмен 22 наурызды қарсы алады.

Жақсылықтың жаршысы

Көрісу ғұрпының мән-маңызын толық түсіне бермейтіндер «өңшейін қол алысып, амандасуды да жеке мереке етіп алған ба, онысыз да қазаққа төс қағыстырып, қол алысып көрісу бар емес пе?» деп ойлауы мүмкін. Тіпті, «көрісуді жеке мереке ретінде атап өту қиынсыз» дейтін пікірлер де айтылып жүр. Алайда, бұл күннің астарында терең мән, ерекше қадір-қасиет жатыр. Көрісу – ұзынсыр қыстан мал-жананы аман шыққан ағайынның бір-біріне құшақ жайып, кеуде тосып, амандық сұрасатын, ақсарма тілектерін арнайтын күн.

Анаң пісірген шөлшек пен бауырсақтың жұпар



МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Магистральдық құбыр – өнімді тасымалдауды қамтамасыз ететін желілік бөліктен және объектілерден тұратын, техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар талаптарына сәйкес келетін бірыңғай өндірістік-технологиялық кешен. Магистральдық құбырлар - минералдық шикізатты өндіру орнынан түпкілікті тұтыну нүктесіне дейін тасымалдайтын көп компонентті конструкциялар. Магистральдық құбырлардың қауіпті өндірістік объектісі - магистральдық құбырлардың желілік бөлігі трассасының бойында орналасқан магистральдық құбырлардың желілік бөлігінің учаскесі, бас және аралық сорғылар мен компрессорлық станциялар, ғимараттар мен құрылыстар, газ үйлестіру станциясы, құйылмалы сорғы станциясы, қысымды азайту станциялары, мұнайды жылыту станциялары, резервуарлық парк, құбырларды тоттанудан электр-химиялық қорғау қондырғылары, технологиялық байланыстың желілері мен құрылыстары, құбырлардың телемеханика құралдары, тоқ беру желілері және тірек арматура мен электр қорғаушыты қашықтықтан басқаруға арналған тоқ тарату құрылыстары жатады.

Энергетикалық ресурстарды тиімді және үздіксіз жеткізу үшін магистральдық құбыр инфрақұрылымы сенімді әрі қауіпсіз болуы шарт. Әсіресе Қазақстан сияқты кең аумақты елдерде магистральдық



құбырлар стратегиялық маңызға ие, өйткені олар өндіріс орындарын ішкі және сыртқы нарықтармен байланыстырады. Магистральдық құбырларды пайдалану барысында өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету ең маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Құбыр желілерінің ұзындығы мыңдаған шақырымға созылып жатқандықтан, олардың әрбір бөлігінің техникалық жағдайын тұрақты бақылау қажет. Бұл бағытта

заманауи диагностикалық құралдар мен автоматтандырылған бақылау жүйелерінің рөлі зор.

Магистральдық құбырларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету – аса өзекті мәселе. Құбырлар ұзақ уақыт бойы жоғары қысымда жұмыс істейтіндіктен, олардың техникалық жай-күйіне тұрақты бақылау жүргізу қажет. Коррозия, металдың шаршауы, табиғи факторлар немесе

адам әрекеті салдарынан туындайтын ақаулар апатты жағдайларға әкелуі мүмкін. Сондықтан диагностиканың заманауи әдістерін қолдану, соның ішінде ішкі тексеру құралдары мен қашықтан мониторинг жүйелері кеңінен енгізілуде. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі тетіктерінің бірі – жоспарлы техникалық тексерулер мен профилактикалық жұмыстарды уақытылы жүргізу. Құбырлардың тозуы, коррозия, сыртқы механикалық әсерлер апатты жағдайларға әкелуі мүмкін. Сондықтан мамандар құбыр қабырғасының қалыңдығын өлшеу, ақауларды ерте анықтау және оларды жедел жою жұмыстарын жүйелі түрде атқарады.

Сонымен қатар, адами фактор да ерекше маңызға ие. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру, қауіпсіздік техникасы бойынша тұрақты оқыту мен нұсқаулық өткізу – өндірістегі тәуекелдерді азайтудың тиімді жолы. Әрбір жұмысшы төтенше жағдай туындаған кезде дұрыс әрекет етуді нақты білуі тиіс.

Экологиялық қауіпсіздік те назардан тыс қалмауы қажет. Құбырлардан мұнай немесе газдың төгілуі қоршаған ортаға орасан зиян келтіреді. Осыған байланысты апаттардың алдын алу жүйелері жетілдіріліп, төтенше жағдайларға жедел әрекет ету топтары үнемі дайын күйде болуы тиіс.

Сондай-ақ, цифрландыру мен инновациялық технологияларды енгізу өнеркәсіптік қауіпсіздікті жаңа деңгейге көтеруде. Қашықтан мониторинг жүргізу, деректерді жедел талдау және жақсы интеллект элементтерін қолдану арқылы ықтимал ақауларды алдын ала болжауға мүмкіндік бар.

Қорытындылай келе, магистральдық құбырларды қауіпсіз пайдалану – кешенді әрі үздіксіз жүргізілетін процесс. Техникалық бақылау, кадрларды даярлау, экологиялық жауапкершілік және заманауи технологияларды енгізу – осының барлығы біріге отырып, өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыстар елдің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтып қана қоймай, қоғам мен табиғат алдындағы жауапкершілікті де айқындайды.

Сырлыбек Сақтағанов
МАДИЯРУЛЫ,
Қызылорда облысының
Төтенше жағдайлар департаменті
Өнеркәсіптік қауіпсіздік
басқармасының Мұнай-газ,
мұнай-химия өнеркәсібіндегі,
магистральдық құбырларды және
жару жұмыстарын мемлекеттік
бақылау және қадағалау бөлімінің
басшысы

Меншік иесі:
«Сан-Ай» пресс ЖШС
Директор-Бас редактор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Көрімов

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында еселке алу туралы номері KZ 53VPY00123138 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті КР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетінде жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 8536 дана
Индекс 6650
Тапсырыс №60
E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/